

«Атбасар қаласы, №8 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Математика, информатика
және физика пәндер
ассоциациясы

2021-2022 оқу жылы

Математика, физика және информатика пәндерінің ассоциациясы

2021-2022 оқу жылына бағытталған жұмыс жоспары

| Айы | Отырыстың тақырыбы | Өткізу мерзімі | Жауаптылар |
|-----|--|-------------------|--|
| 8-9 | ӘБ отырысы: 1. ӘБ алдыңғы оқу жылы бойынша сараптамасы 2. Күнтізбелік жоспарларды және арнайы курстардың жоспарларын қарастыру, бекіту 3. Жас мамандармен жұмыс жоспарын құру 4. Қашықтықтан оқытуда білім платформасымен танысу | Тамыз Қыркүйек | ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері ӘБ жетекшісі |
| 10 | ӘБ отырысы: 1. «0» бақылау жұмыстарының сараптамасы 2. 11 сынып оқушыларын ҰБТ ға дайындық | Қазан | ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері |
| 11 | ӘБ отырысы: 1. 1 тоқсанның бақылау жұмыстарының сараптамасы 2. Олимпиада жұмыстарын жүргізу және бекіту 3. Мектепте зерттеу іс әрекетін жоспарлау ұйымдастыру | Қараша | ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері |
| 12 | ӘБ отырысы: 1. Дарынды оқушылармен және үлгермеушілермен жұмыс жүргізу 2. Аудандық олимпиада қорытындысын жасау 3. 1 жартыжылдық бақылау жұмыстарының сараптамасы | Желтоқсан | ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері |
| 1-2 | ӘБ отырысы: 1. Математика, физика және информатика апталығының өткізілу жоспарын бекіту 2. МАБ ға дайындық (ОЖСБ) 3. ҰБТға дайындық 11 сыныптардың байқау тестілеудің сараптамасы | Қантар Ақпан | ӘБ жетекшісі Тұлебаева А.Ш Пән мұғалімдері |
| 3-4 | ӘБ отырысы: 1. 3 тоқсан бақылау жұмыстарының сараптамасы 2. Қосымша сабақтардың уақытын жоспарлау және белгілеу 3. Емтихан материалдарын бекіту 5. Оқу жылының аяқталуының бұйрықтарымен танысу 6. ҰБТға дайындық 7. Математика мұғалімдерінің педагогикалық қызметіндегі ақпараттық-коммуникативтік технология 8. Ғылыми жобаларды қорғау конференциясына дайындалу жұмыстар | Наурыз Сәуір | ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері |
| 5-6 | ӘБ отырысы: 1. 4 тоқсандық және жылдық бақылау жұмыстарының сараптамалары 2. ҰБТның қорытынды сараптамасы 3. 2020-2021 оқу жылындағы ӘБтің жұмыс жоспарын бекіту | Мамыр маусым | ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері |

Бекітемін:

«Мектеп жанындағы
Интернатымен №8 ОМ»КММ
директор Смагулова Р.Н.
«2» қыркүйек 2021 ж



«Келісілді»

Мектеп жанындағы
интернатымен №8 ОМ»КММ
ӘБ жетекшісі Тулебаева А.Ш

02.09.2021.

Математика, физика информатика пәндер ассоциациясы
2021-2022 оқу жылына бағытталған жұмыс жоспары
Әдістемелік бірлестік тақырыбы:

Математика, физика, информатика пәндері бойынша жаңа технология элементтерін пайдалана отырып оқушылардың интеллектуалды білім біліктігін, белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілеттілігін арттыру

Мақсаты:

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша пән мұғалімдерінің оқу үрдісіне жаңа технологиялық элементтерді пайдалана отырып, оқушылардың білім сапасын, шығармашылық қабілетін, интеллектуалды білім-біліктілігін арттыру үшін педагогтық кәсіби деңгейін көтеруге мүмкіндіктер туғызу.

Бірлестіктің негізгі мақсаты - ортақ проблемалық тақырыпта іздену.

Міндеті:

- Мұғалімдердің іс-шаралар барысында жаңа технологияны пайдалануға көмек беру;
- мұғалімдердің өзара іс-тәжірибе алмасуын қамтамасыз ету, инновациялық жаналықтар енгізу;
- мұғалімдердің кәсіби шеберлік деңгейін көтеру, жаңа әдістемелік әдебиеттерімен белсенді жұмыс істеуге мүмкіндіктер жасау;
- дарынды оқушылармен жұмысты жандандыру, шығармашылығын арттыру.

Әдістемелік бірлестік жұмысының бағыттары:

- Мұғалімдердің шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау, олардың кәсіби қиыншылығын бірізділеу және кәсіби шеберлігін саралап көтеруде қолайлы жағдайлар мен қамтамасыз ету.

- Физика – математика, информатика циклдары бойынша білім беру мазмұнын жаңартуды әдістемелік түрде қамту, білімдік технологияларды меңгеру.

- Физика – математика, информатика мұғалімдерінің жаңашылдық әрекеттерін басқару.

- Ұстаздардың шығармашылық мүмкіндіктеріне қолайлы жағдай жасау және білім беру үрдісінің сапасын көтеру.

Әдістемелік бірлестік ұстанымдары:

- Ғылымилық. *''Тәжірибе әрқашанда ғылыми теорияға сүйенуге міндетті''*

Леонардо да Винчи.

- Шығармашылық сипаттағы эвристика. *''Шығармашылық дегеніміз белгісіз бір биіктікті ала білу''*

В. Сидоров.

- Адамшылық. *''Адамның адамшылығы-ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.''*

А.Құнанбаев

- Шыдамдылық, төзімділік. *''Сыйластықтың шыңы-сезімде''*

М. Шаханов

- Мақсат бағыттаушылық. *''Межгеге жету үшін, алға қарай жүре білу керек''*

О. Бальзак

- Оза ынталандыру. *Кез-келген істі бастарда орындаушылардың жауапкершілігіне және психологиялық қолдауына сүйену қажет.*

2021-2022 оқу жылы

Математика, физика және информатика пәндер бойынша ассосациясының отырысы болды

30 тамыз 2021 жыл

Қарастырылған жұмыс: 5

Қарастырылмаған: 0

Күн тәртібінде:

№1 хаттама негізіндегі шешімінің орындалуы.

1. 2021-2022 оқу жылына құрастырылған тақырыптық -күнтізбелік жоспарды тексеру және бекіту.

Тыңдалды:

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар-бұл педагогтың оқу қызметінің жобасы.

№1 хаттаманың шешімін негізге ала отырып, мұғалімдер күнтізбелік - тақырыптық жоспарды құру барысында нұсқаулық-әдістемелік құралды пайдалана отырып, барлық талапқа сай құрылды. Күнтізбелік- тақырыптық жоспарды бекітуге ұсынылды.

Олар:

- 1.Тулебаева Акерке Шагановна - математика пән мұғалімі
- 2.Смагулова Дамеле Ашмухановна - математика пән мұғалімі
- 3.Бақытжан Нұрзиля Елжасқызы - математика пән мұғалімі
- 4.Идрисова Ұ.Б. - физика пән мұғалімі
- 5.Базарбаев Уралбек Дулатович - информатика пән мұғалімі

Барлық мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары нақты пән бойынша құрылды және тексерілді. Жоспарлар бойынша айтылған кішігірім ескертулер ескеріліп, дұрысталды. Барлық пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды мемлекеттік стандартқа сай, өзінің берілген

міндеттер бойынша жасалынды. Мұғаліммен әзірленген күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары әдістемелік бірлестік жетекшісімен келісіліп, қол қойылды және мектеп әкімшілігіне бекітуге ұсынылды.

Шешімі:

1. Сабақ тақырыптары тақырыптық-күнтізбелік жоспарларға сай жүргізілсін.

Бірлестік жетекшісі:



Тұлебаева А.Ш

2021-2022 оқу жылы

Хаттама №2

03 қараша 2021 жылы математика, физика және информатика пәндер бойынша әдістемелік бірлестік отырысы болды.

Қарастырылған жұмыс: 4

Күн тәртібінде:

1. 1 тоқсан қорытындысы, №2 хаттама негізіндегі шешімінің орындалуы Тулебаева А.Ш
 2. Сабақ уақытында платформаларды тиімді пайдалану. Смагулова Д.А
 3. «Тиімді оқыту технологиялары» баяндама. Базарбаев У.Д
 4. Шараларды онлайн-семинарларды техникалық қоштау, өткізілетін шаралардың фото және бейне түсірілімдері (жыл бойы) Тулебаева А.Ш
4. Ағымды сұрақтар.
- а) Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау.
 - ә) Онлайн дәрістерге, вебинарларға, байқауларға қатысу.

Тыңдалды:

1 тоқсан қорытындысы айтылды, №2 хаттаманың шешімін негізге ала отырып, тақырыптық-күнтізбелік жоспарлар барлығы тексеріліп, мектеп директорымен бекітілген. Жіберген қателер бойынша түзету жұмыстары жүргізілді. Сабақ жоспарлары күнтізбелік жоспарға сай жазылған және №2 хаттама бойынша шығарылған шешім орындалды деуге болады

Екінші сұрақ бойынша математика пән мұғалімі Смагулова Д.А сөз сөйледі. Ол өзінің баяндамасында оқу платформаларының тиімді жақтары туралы айтып өтті. Дамеле Ашмухановна оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Арнайы мамандандырылған интернет-платформалары арқылы өткізілетін сабақтар. Бұл цифрлық жүйелер оқушыларға өткен сабақты немесе бұрын талқыланған тақырыпты қайта қарауға, сондай-ақ онлайн-сабақ өткізуге, кері байланыс орнатуға, жеке дара оқыту мен тапсырмаларды орындауға зор мүмкіндік береді. Платформаларды білу және тиімдісін пайдалану. Тапсырма қалай берілуі керек. Баланың жасына сай, шағын, бірақ қызығушылығын төмендететін өте жеңіл болмауы керек. Оқушыға қойылатын талаптар азайғанымен жауапкершілік төмендемеуі керек. Әр мұғалім өзінің шәкіртінгің әлеуметтік жағдайын және

интеллектуалдық деңгейін білуі шарт. Білімленд, Дарын онлайн, Оспиг.kz kz платформаларындағы электронды мәліметтерді лайықтап беру.

Үшінші сұрақ бойынша информатика пән мұғалімі Базарбаев

У.Д. «Оқыту технологиялары» өз баяндамасында білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру, жаңа мазмұнда оқыту бойынша дәріс-тренингтерді тыңдап, көптеген оқу стратегияларымен танысып, әдіс-тәсілдері мен тәжірибе алмасып, және де оқушылардың алған білімдерін тәжірибеде қолдана білудің қыр-сырын үйреніп, бір бірімен тәжірибе алмасу керек екендігін атап өтті.

Келесі сұрақ бойынша Тулебаева А.Ш. сөз сөйледі. Акерке Шагановна жыл бойы өткізілетін ашық сабақтарға, сыныптан тыс іс-шараларға қатысу, өткізілетін шаралардың фото және бейне түсірілімдерін жүргізу керек екендігін атап өтті. Ағымды сұрақтар: Дарынды балалармен, үлгерімі төмен оқушыларымен жұмыс жүргізу керек екендігі жайлы сөз қозғалды.

Шешімі:

1. Сабақта оқуға қажетті платформалар тиімді пайдалансын.

Хатшы:



Бақытжан Ф.

2021-2022 оқу жылы

**Математика, физика және информатика пәндер бойынша
ассосациясының отырысы болды**

Хаттама №3

5 қаңтар 2022 жылы математика, физика және информатика пәндер бойынша әдістемелік бірлестік отырысы болды.

Қарастырылған жұмыс: 5

Күн тәртібінде:

1. 2-тоқсан қорытындысы, №3 хаттама негізіндегі шешімінің орындалуы
Тулбаева А.Ш

2. «Оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру жолдары»
Смагулова Д.А

3. Жаңартылған орта білім мазмұны бойынша физика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары Курманова С.И.

4. Ғылыми жобаны ұсыну, талқылау, талдау Пән мұғалімдері.

4. Ағымды жұмыстар:

а) Онкүндік қорытындысы.

ә) Қалалық олимпиадасының қорытындысы, жетістіктер мен кемшіліктерді анықтау, талдау.


б) ҰБТ, ОЖСБ-ға дайындық жұмыстарын ұйымдастыру. Оқушылардың дайындығын қадағалау, бақылау.

Тыңдалды:

2 тоқсанның қорытындысы, №3 хаттаманың шешімін негізге ала отырып, жаңартылған бағдарлама бойынша сабақ беретін ұстаздар оқу бағдарламаға сәйкес жұмыстар жүргізіп жатыр, сол сыныптармен қосымша сабақтар, дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстар атқарылып жатыр, соған сәйкес қосымша сабақ кестесі мұғалімдерде бар. Мектепте болып жатқан ашық сабақтар, коучинг сабақтар барлығына қатысуға тырысады, білмегенін үйреніп, білгенімен бөлісіп жатыр. ҰБТ, ОЖСБ-ға дайындық жұмыстарын ұйымдастыру туралы Тулбаева А.Ш. айтты. Математика пән мұғалімі Смагулова Д.А. Олар мектептегі оқу процесінің негізгі мақсаты: арнайы педагогикалық әдістермен мақсатты және жүйелі түрде оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту, белсенділігін қалыптастыру, адамның бойындағы туғаннан пайда болған интуициясын әрі қарай дамытуға ықпал ету, оқушының табиғи қасиеттерін математикалық білім деңгейін тереңдету үшін оқытуды жоспарлы түрде ұйымдастыру, өз

бетінше білім алу дағдыларының дамуына негізін салу болып табылады. Оқушының математикаға ынтасын дамытуда мұғалімнің негізгі мақсатының бірі деп айтып өтті. Келесі сұрақ бойынша физика пәнінің мұғалімі Курманова С.И. сөз сөйледі. Ол физика курсының әрбір тақырыбын оқыту барысында оқушыларды айнала қоршаған ортаны танудағы физиканың рөлін дұрыс түсінуге және алған білімдерін практикалық есептерді шешуде қолдана білуге әсері тиетіндей пәнаралық байланыстарды іске асырып отыруы қажет. Мектеп физика курсын оқытудың ең маңызды мақсаттарының бірі - физиканың қолданбалы мүмкіндіктерін ашу. Математикалық, химиялық немесе географиялық, т.б. мазмұнды есептерді шешу барысында оқушылар физикалық ұғымдар мен заңдылықтарды тереңірек түсініп, ұғынып, сонымен қатар кәсіби даярлықты негіздерін меңгереді жайында сөз қозғалды.

Хатшы:



Бақытжан Ф.

2021-2022 оқу жылы

28 наурыз Математика, физика және информатика пәндер бойынша
ассоциациясының отырысы болды

Күн тәртібінде:

1. III – тоқсанның қорытындысы әдістеме жетекшісі Тулебаева А.Ш.
2. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс
3. Жеке тұлғаның танымдық белсенділігін қалыптастыру- баяндама Смагулова Д.А.

Тыңдалды:


Әдістеме бірлестігінің жетекшісі Тулебаева А.Ш, III- тоқсанның қорытындысы туралы айтып өтті. Әр жазба жұмыстарының сараптамасы көрсетілді. Әр сыныпта оқу жылдамдығының қорытындысы айтылды. Оқушылардың сапалы есеп шығару барысында есеп көп шығаруына көңіл бөлу. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке-дара қосымша сабақтар өткізу ұйғарылды.

Үшінші сұрақ бойынша Смагулова Д.А. «Жеке тұлғаның танымдық белсенділігін қалыптастыру» атты баяндама оқыды. Баяндама бойынша сұрақтар қойылып, оны талқылады.

Шешімі:

1. III – тоқсанның қорытындысы есепке алынып, білім сапасын көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Үлгерімі төмен оқушылары көп сынып жетекшілеріне ескерту жасалсын.

Хатшы:



Бақытжан Н.

2021-2022 оқу жылы

29 мамыр 2022 жылы математика, физика және информатика пәндер бойынша әдістемелік бірлестік отырысы болды.

Күн тәртібінде:

1. 4 тоқсан қорытындысын шығару.
2. Оқытушылардың 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі.
3. ҰБД-ға дайындық жұмыстары есебі.


4 тоқсан мәселе бойынша Тулебаева А.Ш. жалпы төрт тоқсан бойынша не жұмыстар істелгендігі туралы әр мұғалім жеке жеке есеп бергенін, соның негізінде бірлестіктігі шығатындығын айтып өтті. Білім сапасы мен тоқсандық атқарылған іс шараның барлығы уақытында жүргізілді

Оқытушылардың 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі. Бұл мәселе бойынша Тулебаева А.Ш. әр мұғалімнің жыл бойынша істеген жұмыстары туралы ақпарат сұрады, қанша сағат өткеннен бастап, не жұмыс істегеніміз туралы толық ақпараттар алынды, ҰБТ-ға дайындық жоспарға сай жүргізілгені туралы айтылды

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 4 тоқсан қорытындысы жақсы деп табылсын.
2. Оқытушылардың 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі «жақсы» деп табылсын.
3. ҰБТ-ға дайындық уақытылы жүргізілсін.

Хатшы:



Бақытжан Н.